



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

# МАҢҒЫСТАУ

Kaspi Bank  
арқылы жазылу

№13 (10520) 19 АҚПАН, БЕЙСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

## МҰНАЙЛЫДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР



МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА ӨНІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ЖӘНЕ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫН ЖАҚСARTУҒА БАҒЫТТАЛҒАН МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР ҚАРҚЫНДЫ ІСКЕ АСЫП ЖАТЫР. СОҢҒЫ КҮНДЕРІ ОБЛЫС ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ БІРНеше рет жұмыс сапарымен мұнайлы ауданында болып, әлеуметтік, өндірістік және инфрақұрылымдық нысандардың құрылыс барысымен танысты.

### ЗАМАНАУИ ВОКЗАЛ – ЖОЛАУШЫЛАРҒА ЫҢҒАЙЛЫ ОРТАЛЫҚ

Аймақ басшысы Мұнайлы ауданына барып, «Маңғыстау» темір жол вокзалының реконструкциялау жұмыстарымен танысты. Жоба тапсырыс беруші – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ жүзеге асыруда. Жаңа вокзал заманауи талаптарға сай құрылып, жолаушыларға барынша қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Үш қабатты ғимараттың жалпы ауданы 8 899 шаршы метрді құрайды және тәулігіне кемінде 2 500 жолаушыға қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Заманауи инженерлік жүйелермен жабдықталған вокзалда 6 жолаушылар лифті (жүк көтергіштігі 600 және 1000 келі), 2 эскалатор және 5 жылжымалы жол (траволатор) орнатылады.

Қазіргі уақытта ғимараттың қаңқасын салу, кабырғалар мен жабын конструкцияларын монтаждау жұмыстары 63 пайызға, ал сыртқы инженерлік желілерді тарту жұмыстары 50 пайызға орындалған. Құрылыс алаңында 57 адам және 9 арнайы техника жұмыс істеуде.

Облыс әкімі вокзалдың заманауи әрі ыңғайлы болуы тұрғындар мен қонақтар үшін аса маңызды екенін атап, құрылыс жұмыстарын сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Айта кетейік, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасына сәйкес республика бойынша 125 темір жол вокзалы жаңғыртылуда. Бұл жоба аясында Маңғыстау облысында «Маңғыстау», «Бейнеу» және «Шетпе» вокзалдары қайта жөнделіп жатыр.

### ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАР ӘЛ-АУҚАТТЫ АРТТЫРАДЫ

Нұрәулет Қилыбай Мұнайлы ауданына тағы да барып, Батыр ауылдық округіндегі мәдени нысан мен Баянды ауылындағы өндірістік жобаның құрылыс барысын қарады.

Бірінші нысан – 200 орындық селолық клуб және кітапханасы бар екі қабатты ғимарат. Жоба ауыл тұрғындарының мәдени демалысын ұйымдастыруға, жастардың шығармашылық әлеуетін арттыруға және кітап оқуға деген қызығушылығын дамытуға бағытталған.



Ғимараттың жалпы ауданы 1 000 шаршы метрді құрайды және 44 кабинеттен тұрады. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстарының 80 пайызы аяқталған.

Сапар барысында облыс әкімі Баянды ауылындағы түйе сүтін өңдеу цехімен де танысты. Жеке инвестиция есебінен іске асырылған бұл өндірістік жоба «Ботам 2023» ЖШС арқылы жүзеге асырылуда. Цех тәулігіне 1,5 тоннаға дейін сүт өнімін өңдеуге қауқарлы, ал іске қосылғаннан кейін 10–15 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Жобаны «Ғылым қоры» грант есебінен қаржыландырған.

Облыс әкімі әлеуметтік және өндірістік нысандардың ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретінін, жаңа жұмыс орындарын құруға және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға оң ықпал ететінін атап өтті.



### СУ АЙДАУ СТАНЦИЯСЫ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫН АУЫЗ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Кеше аймақ басшысы Атамекен ауылдық округіне барып, су айдау станциясының құрылыс барысымен танысты. Жоба қолданыстағы бекет пен резервуарларды кеңейтуді көздейді. Қосымша сыйымдылығы 3 000 текше метр болатын 2 резервуар және 1 су құбыры сорғы станциясы салынып жатыр.



Қазіргі уақытта құрылыс алаңында монтаждау жұмыстары жасалуда. Жер учаскесін көтеру жұмыстары толық орындалып, насос қондырғылары жеткізілген. Нысанның құрылыс дайындығы бүгінгі таңда 70 пайызды құрайды. Мердігер ұйым жобаны өз қаражаты есебінен 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында пайдалануға беруді жоспарлап отыр.

Аталған жобаны іске асыру нәтижесінде Атамекен ауылдық округінің шамамен 44 мың тұрғыны тұрақты әрі үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз етіледі. Облыс әкімі құрылыс сапасын бақылауда ұстауды, мерзімдерді сақтау мен нысанды уақытылы іске қосуды тапсырды.

Маңғыстау облысында жүзеге асып жатқан вокзал, мәдени нысан, өндірістік кәсіпорын және су айдау станциясы сияқты жобалар тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға, инфрақұрылымды дамытуға және ауданның әлеуметтік-экономикалық әлеуетін нығайтуға бағытталған. Бұл бастамалар облыс тұрғындарының әл-ауқатын көтеріп, өмірдің заманауи, қауіпсіз және қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға зор үлес қоспақ.

«Маңғыстау» ақпарат.

## ГАЗЕТ ОҚУ КЛУБЫ АШЫЛДЫ

КЕШЕ АҚТАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ №28 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН Мектеп қабырғасында тағылымды іс-шара өтті. «МАҢҒЫСТАУ МЕДИА» ЖШС-НЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН 9–11-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА ГАЗЕТ ОҚУ КЛУБЫ АШЫЛЫП, ЖАС БУЫННЫҢ АҚПАРАТ КЕҢІСТІГІНЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖАҢА БАСТАМАҒА ЖОЛ АШЫЛДЫ.



### Ақерке СҮНДЕТ

Облыстық «Маңғыстау» газеті жанынан құрылған клубқа 20 оқушы мүше болды. Бұл – жай үйірме емес, оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, сыни пайымын қалыптастыратын, сөз кәдірін ұғындыратын шығармашылық алаң болмақ. Алдағы уақытта клуб жұмысы жасөспірімдер арасында газет оқу мәдениетін орнықтыруға, жас тілшілерді тәрбиелеуге және олардың алғашқы қадамдарын баспасөз бетінде жариялауға бағытталады.

Клубтың ашылу салтанатына «Маңғыстау Медиа» ЖШС директоры Әнуарбек Бимағамбетов, директор орынбасары Лаура Тындырғанова және «Маңғыстау» газетінің бас редакторы Анаргүл Жексембайқызы қатысып, оқушыларға ізгі тілектерін білдірді.

Жиында сөз алған 60 жылдан астам уақыт бойы газетке тұрақты жазылып келе жатқан ардагер оқырман Жұмат Нұрбергенұлы баспасөздің қоғамдағы орны мен маңызына тоқталса, өлкетанушы, «Республика» партиясының Маңғыстау облыстық филиал төрағасы Нұржігіт Нұрболтаұлы мен әбіштанушы, Yessenov University аға оқытушысы, PhD докторант Бактыбай Жайлау жас буынды елдік мәселелерге бейжай қарамауға, газет арқылы саным көкжиегін кеңейтуге шақырды. Олар газет – тек ақпарат көзі ғана емес, ұлттық рух пен тарихи жадтың айнасы екенін ерекше атап өтті.

Еркін форматта өткен кездесуде оқушылар облыстық «Маңғыстау» және «Ұлан» газеттерінде жарияланған мақалаларды талдап, өз ой-пікірлерін ортаға салды. Жас оқырмандардың салмақты тұжырымдары мен ұтымды ойлары олардың болашақта қарымды қаламгер боларына сенім ұялатты.



Іс-шара соңында Әнуарбек Қосымұлы клубтың жас мүшелеріне арнайы куәліктер табыстап, алдағы уақытта олардың мақалалары газет бетінде жарық көретініне сенім білдірді. Ал клуб жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Шынар Түйешиева алғаш газетке шыққан мақаласының тарихын бөлісіп, оқушыларға газет шығармашылыққа шыңдайтын мектеп екенін айтты.

Газет клубының ашылуы – ақпарат тасқынына толы заманда сапалы басылымды серік еткен саналы ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған игі қадам. Бұл бастама жас буынның сөзге жауапкершілікпен қарап, қоғам үніне құлақ түретін азамат болып қалыптасуына жол ашары сөзсіз.

# 24 қызметкердің құқықтары

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамада «Азаматтардың мүддесінде жүзеге асырылатын және қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтитын мемлекеттік қызметшілер қызметінің ерекшелігі олардың ерекше рөлін айқындайтындығы» деп көрсетілген. Сондықтан оның тиімділігіне кедергі келтіруі және теріс әсер етуі мүмкін мемлекеттік қызметшінің арнамысы мен қадір-қасиетіне қол сұғу оның жеке құқықтары мен бостандықтарына ғана емес, азаматтар мен қоғамның мүдделеріне де әсер етеді.

## ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ



агенттік төрағасының 2018 жылғы 16 қаңтардағы №13 бұйрығы мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері бойынша «Бағаланатын тоқсанда қолданылған тәртіптік жаза ескеріледі» делінгеніне байланысты департаментпен Маңғыстау облысының дін істері басқармасындағы Б. есімді мемлекеттік қызметшіні қайта бағалау туралы ұсыну енгізілді.

Н. есімді мемлекеттік қызметшінің Маңғыстау облысының әкімдігіне қарасты басқарманың қызметінен шығуына байланысты төленетін өтемақысын төлеу туралы департаментпен ұсыныс енгізіп, желтоқсан айында басқарманың үнемделген қаржы есебінен төлеу туралы құқығы қалпына келтірілді.

Сондай-ақ Г. есімді мемлекеттік қызметкердің мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссия қызметіне қатысты «Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану туралы қағида» талаптарына қатысты туынды мәселесі бойынша департамент тарапынан талдау, түсіндіру жұмыстары жүзеге асырылып, мемлекеттік қызметкердің мәселесі оң жауабын тапты.

Сондай-ақ Г. есімді мемлекеттік қызметкердің мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссия қызметіне қатысты «Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану туралы қағида» талаптарына қатысты туынды мәселесі бойынша департамент тарапынан талдау, түсіндіру жұмыстары жүзеге асырылып, мемлекеттік қызметкердің мәселесі оң жауабын тапты.

Сонымен қатар Қ. есімді мемлекеттік қызметшіге Мұнайлы ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасымен қолданылған тәртіптік жазаның күші жойылды. Бұл ретте мемлекеттік қызметкердің құқығын қалпына келтіру тексеру нәтижесімен енгізілген ұсыну арқылы жүзеге асты.

Мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға іріктеу және конкурс өткізудің қағидалары бойынша Ш. есімді мемлекеттік қызметкердің мемлекеттік қызметкердің мәселесі оң шешімін тапты.

Мемлекеттік қызмет саласындағы заңна нормаларының сақталуын бақылау мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басты назарында.

ғыстау облысы бойынша департаментіндегі 10 мемлекеттік қызметкердің ұжымдық арызы қаралды. Арызда мемлекеттік қызметкерлердің жыл сайынғы еңбек демалысының кестесі бекітілмегендігіне байланысты құқықтарын қалпына келтіруді сұраған. Тексеру барысында арыз иелері 2025 жылға арналған кезекті еңбек демалыстарының кестесінде олардың жұмыс берушісімен бекітілмегендігі белгілі болды.

Осыған сәйкес аумақтық департаментпен бақылау бағытында жүзеге асырылған тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс енгізіп, нәтижесінде 10 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келді.

Бұдан басқа департаментпен қаралған арыз-шағымдар арасында М. есімді мемлекеттік қызметші тарапынан, ұжымдағы А. есімді мемлекеттік қызметшіге қатысты әдеп нормаларына қарсы мінез-құлық танытқаны үшін қызметкерге тәртіптік шара қолдану туралы ұсыныс енгізіп, тиісті шара қолданылды.

Маңғыстау облысының дін істері басқармасындағы Б. есімді мемлекеттік қызметшіге қолданылған тәртіптік жаза бойынша мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларының талаптары өрескел бұзылғандығына байланысты тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтың күші жойылды.

Сонымен қатар Маңғыстау облысының дін істері басқармасының басшысына

Алайда қызметкерлердің айтарлықтай санаты мұндай қорғаудан тыс қалады. Мемлекеттік қызметшінің арнамысы мен қадір-қасиетіне әсер ететін әрекеттер ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың демотивациясына және құлдырауына, сайып келгенде мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметтер сапасының төмендеуіне әкеледі.

Осыған орай агенттіктің ең негізгі қызметтерінің бірі – мемлекеттік қызметшілердің мүдделерін қорғау және құқықтары бұзылған мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қалпына келтіру.

Маңғыстау облысында 2025 жылдың қорытындысы бойынша аумақтық департаменттің мемлекеттік қызмет саласын бақылау бағыты бойынша 181 арыз-шағым қаралып, арыз-шағымдарды қарау нәтижесінде 31 азамат пен мемлекеттік қызметшінің құқықтарын қорғау бағытында тиісті шешімдер қабылданды.

Департаменттің бақылау бағытында мемлекеттік қызметкерлер мен азаматтардың арыздары бойынша 30 жоспардан тыс тексеру жұмыстарын жасау арқылы қаралды.

Соның ішінде 2025 жылдың қорытындысы бойынша 24 мемлекеттік қызметкердің құқықтары қалпына келді.

Атап айтқанда, соттар әкімшілігінің Маң-

# Үстеме жұмысқа тартуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі және оның аумақтық департаменттерінің негізгі қызметтерінің бірі – мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік-құқықтық қорғалу жүйесін жетілдіру. Осыған орай агенттіктің Маңғыстау облысы бойынша департаментімен мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтау бойынша жүзеге асқан мониторинг жұмыстарының нәтижесінде бірқатар құқық бұзушылықтар анықталды.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» заңында және Еңбек кодексінде мемлекеттік қызметшілердің жұмыс уақыты мен еңбек қатынастары нақты реттелген. Еңбек кодексінің 77-бабына сәйкес үстеме жұмыс – жұмыс берушінің бастамасымен қызметкердің жұмыс уақытының нормасынан тыс уақытта атқаратын жұмысы. Мұндай жұмысқа тарту тек қызметкердің жазбаша келісімімен ғана жүзеге асуы тиіс. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңының 9,10-баптарында мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен міндеттері көрсетілген. Олардың қатарында демалысқа, бос уақытқа және еңбекақыға қатысты әділетті жағдайларға ие болу құқығы бар. Қызметкерді жүйелі түрде жұмыс уақытынан тыс тарту – олардың демалу құқығын бұзу болып саналады.

Үстеме жұмысқа тартудың, негізгі шарттары бойынша мемлекеттік қызметшіні үстеме жұмысқа тарту үшін келесі талаптар сақталуы тиіс: қызметкердің келісімі (жазбаша түрде), басшының бұйрығы мен жұмыстың нақты мерзімі мен сипаты, Еңбек кодексінің 108-бабына сәйкес үстеме жұмыс үшін қосымша ақы төленуі немесе қосымша демалыс берілуі тиіс.

Сондай-ақ үстеме жұмысқа тартудың тыйым салынатын жағдайлары да бекітілген. Еңбек заңнамасы келесі жағдайларда үстеме жұмысқа тартуға тыйым салады: 18 жасқа толмаған тұлғалар, жүкті әйелдер, медицина қорытындысы бойынша денсаулығына байланысты шектеуі бар тұлғалар.

Кейбір ұйымдарда кадр тапшылығы, жүктеменің тең бөлінбеуі сияқты себептермен қызметкерлерді демалыс және жұмыс уақытынан тыс үстеме жұмыс жасауға тарту фактілері кездеседі. Мұндай жағдайда қызметкердің еркі мен құқықтары ескерілмесе, бұл құқық бұзушылық болып есептеледі және тиісті бақылаушы органдар арқылы шағым жасауға негіз болады. Мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимінің сақталуына мониторингті жүргізуге уәкілетті орган – мемлекеттік қызмет істері агенттігі және оның аумақтық бөлімшелері.

Мониторинг жұмыстары мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтауына мониторинг жүргізу қағидаларының талабына сәйкес кіруді басқару және бақылау жүйесінің «Е-қызмет» ақпараттық жүйесімен ықпалдастырылуы бойынша қашықтықтан және бару арқылы жүзеге асады.

Аумақтық департаментпен, жұмыс уақыты режимінің сақталуы бойынша мемлекеттік органдарға бару арқылы мониторинг жүргізудің 2025 жылға арналған жоспарда бекітілген 34 мемлекеттік органдарға бару арқылы мониторинг жүргізілді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша аталған бағытта аумақтық



Жұмыс уақытының режимін сақтау: Бақылау күшейтілді

департаментпен 69 мониторинг жұмыстары жасалған. Олардың арасында бару арқылы жасалған мониторингпен қамтылған 34 мемлекеттік орган болса, қашықтықтан жүргізілген мониторингпен қамтылған мемлекеттік органдардың саны – 35.

Ескертпелерге қарамастан, бару арқылы жасалған мониторинг нәтижесінде 18 құқық бұзушылық анықталса, қашықтықтан жасалған мониторингпен 287 құқық бұзушылық анықталды.

Жүргізілген мониторинг жұмыстарының нәтижесінде барлығы 305 құқық бұзушылық анықталып, 297 мемлекеттік қызметшінің құқығы қалпына келтірілді. Құқықтарын қалпына келтіру бағытында 297 мемлекеттік қызметшіге 1 216 сағат тынығу сағаттары белгіленді.

Сондай-ақ 2025 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет саласын бақылау бағытында жүзеге асырылатын жоспарлы тексеру жұмыстары кезінде мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтауына қатысты 10 құқық бұзушылық анықталды. Бұл бойынша құқықтарын қалпына келтіру бағытында 10 мемлекеттік қызметшіге 27 сағат 15 минут тынығу сағаттары белгіленді.

2025 жылдың қорытындысымен ӘҚБТК-нің 89-бабында жұмыс уақытының нормасын заңсыз асыру бойынша 15 мемлекеттік органның басшыларына қатысты әкімшілік істер қозғалып, «ескертуді» түріндегі әкімшілік хаттамалар жасақталды.

Мемлекеттік қызметшінің жұмыс уақыты мен демалыс құқығы – заңмен қорғалатын еңбек құқығының маңызды элементі. Сондықтан үстеме жұмысқа тарту – заңмен нақты реттелуі тиіс процесс. Жұмыс беруші де, қызметкер де өз құқықтары мен міндеттерін жақсы білуі қажет. Құқықтық мәдениетті арттыру және заң талаптарын сақтау – мемлекеттік қызмет жүйесіндегі тиімділікті арттырудың маңызды кепілі.

Т.ЖҰМАҒҰЛОВ, мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы, әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті 2022 жылы құрылыстағы BIM технологиясы мамандығын ашу арқылы Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде стратегиялық маңызды бар қадам жасады. Бұл шешім кейінгі жылдары Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында және елді цифрландыру жөніндегі үндеулерінде атап өткен мемлекеттік саясатпен толық үндеседі. Яғни университеттің бастамасы ұлттық деңгейдегі цифрлық трансформация бағытының ерте кезеңде-ақ білім беру саласына енгізілгені көрсетеді.

## Жаңа мамандық – ЗАМАН ТАЛАБЫ

BIM (Building Information Modeling) – құрылыс нысандарын жобалау, салу, пайдалану және жаңғырту кезеңдерін біртұтас цифрлық ортада басқаруға мүмкіндік беретін заманауи технология. Бұл тәсіл құрылыс саласындағы дәстүрлі әдістерді түбегейлі өзгертіп, жобалардың сапасын арттыруға, шығындарды азайтуға және басқару тиімділігін көтеруге бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда BIM технологияларын оқу үдерісіне енгізу – елдің цифрлық экономикаға көшу жолындағы нақты қадамдарының бірі.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында цифрландыруды Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыратын басты факторлардың бірі ретінде атап өтті. Мемлекет басшысы экономика, өнеркәсіп, инфрақұрылым және білім беру салаларында цифрлық технологияларды кеңінен енгізудің маңыздылығын бірнеше рет ерекше көрсетті. Құрылыс саласы – осы реформалардың негізгі тіректерінің бірі. Себебі құрылыс – экономиканың көптеген салаларымен тікелей байланысты, ал BIM технологиясы осы байланысты цифрлық негізде тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Ш.Есенов университетінде BIM мамандығының ашылуы болашақ инженерлерді тек теориялық біліммен емес, нақты цифрлық дағдылармен қаруландыруды көздейді. Бұл Президент айтқан «жаңа формациядағы мамандарды» даярлау талабына толық сәйкес келеді.

Бұл бағыттың ашылуы ең алдымен еңбек нарығының болашақ талаптарын алдын ала болжаумен байланысты болды. BIM технологияларын меңгерген мамандар жобалау дәлдігін арттырып, құрылыс барысындағы қателіктерді ерте кезеңде анықтай алады, шығындарды оңтайландырып, жобалардың сапасы мен қауіпсіздігін арттырады. Сондықтан BIM бағытында білім алған тұлғалар – қазіргі таңда құрылыс ұйымдары, жобалау институттары және инжинирингтік компаниялар үшін керек мамандар.

Құрылыстағы BIM технологиясы бағытының тағы бір маңызды қыры – білім беру мен цифрлық экономиканың өзара байланысын күшейтті. Студенттер оқу барысында цифрлық жобалау ортасында жұмыс істеуді, деректерді басқаруды және халықаралық стандарттарға сай модельдер жасауды үйренеді. Бұл – жаһандық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, жаңа формациядағы инженерлерді даярлаудың нақты көрінісі.

Маңғыстау өңірі – ірі өндірістік, көлік-логистикалық және инфрақұрылымдық жобалар шоғырланған стратегиялық аймақ. BIM технологиясын меңгерген кадрлар осы жобалардың сапалы өрі тиімді жүзеге асуына ықпал етеді. Бұл өз кезегінде Президент көтерген өңірлерді тең дамыту және инновациялық экономиканы қалыптастыру міндеттерімен тығыз байланысты.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің 2022 жылы құрылыстағы BIM технологиясы бағытын ашуы – Қазақстанда цифрландыру идеясын білім беру саласында ерте кезеңде жүзеге асырған көреген шешім. Бүгінде бұл бастама Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев айтқандай, елді цифрлық жаңғырту саясатының нақты жалғасы ретінде өзектілігін арттыра түседі. Университеттің осы бағыттағы тәжірибесі болашақта да ұлттық құрылыс саласының инновациялық және бәсекеге қабілетті дамуына қызмет ететіні сөзсіз.

Н.ЖАЙЫЛХАН, құрылыс инжиниринг кафедрасының профессоры.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитеті «Каспий итбалығы популяциясын сақтау мақсатында мемлекеттік табиғи резерват құрудың техникалық-экономикалық негіздемесін (ТЭН) түзету» жобасы бойынша экологиялық құжаттамаға қатысты қоғамдық тыңдауларды жария талқылау нысанында өткізеді. Жария талқылаулар 26.02.2026 жылдан бастап 20 жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Жоспарланған жұмыстардың мекен-жайы: Маңғыстау облысы, Түпқарған және Бейнеу аудандары, Каспий теңізінің акваториясы, Түлен аралдары архипелагы.

Ұйымдастырушы: ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитеті, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, министрліктер үйі, тел.: +7(7172)79-58-56, электрондық мекенжайы: habdulina.i@minagri.gov.kz

Өзірлеуші: «Қазақстан қолданбалы экология агенттігі» ЖШС, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 157. Қоғамдық тыңдауларды өткізу мәселелері бойынша мына телефонға хабарласуға болады: +7 727 2341668, эл. мекен-жайы: a.aladina@kape.kz

Жобалық құжаттама топтамасымен қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкiнiң сайтында танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz> ескертупер мен ұсыныстар беру үшін.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-не жолдауға болады, жауапты тұлға – Сабина Базарбай, эл.пошта: [s.bazarbay@mangystau.gov.kz](mailto:s.bazarbay@mangystau.gov.kz).

### Резерваттың орналасуының географиялық координаттары:

Жер учаскесі	Солтүстік өндік	Шығыс бойлық
Прорва	45° 46' 44.43"	52° 29' 40.57"
	45° 46' 41.06"	52° 34' 54.14"
	45° 37' 27.47"	52° 34' 36.10"
	45° 37' 32.27"	52° 17' 35.80"
Түлен аралдары	45° 13' 02.14"	49° 48' 55.80"
	45° 22' 07.07"	51° 06' 32.18"
	45° 02' 17.42"	51° 06' 32.94"
	44° 49' 07.63"	49° 55' 23.68"

"МАҢҒЫСТАУ МЕДИА" ЖШС  
ЖАРНАМА БӨЛІМІ

8 7292 20 48 42 | жұмыс уақытында

8 778 145 90 93 | тәулік бойы қосулы

МАҢҒЫСТАУ MEDIA